



Ақмешіт

20 қыркүйек
сенбі

№71 (2184)

2025 жыл

Газет
1994 жылдың 15 сәуірінен
бастап шығады

• Қалалық қоғамдық-саяси әлеуметтік-
ақпараттық тарихи-танымдық газет •
E-mail: akmeshit.kz@mail.ru

апталығы

БАЛАЛАР ТАСЫМАЛЫ — ЖАУАПТЫ МІНДЕТ



Аймақ басшысы жеке балабақшаның тасымал көлігінің жол-көлік оқиғасына ұшырауы жауапты сала басшыларының жұмысты дұрыс үйлестіруінен болғанын қатаң сынға алып, тиісті шара қабылдауды тапсырды.

— Бұған дейін жеке және мемлекеттік балабақшалардағы, мектептердегі тасымал мәселесі, балалардың жол қауіпсіздігі бойынша қала және аудан әкімдеріне, полиция департаментіне, білім басқармасына бірнеше рет тапсырмалар берген болатынымын. Дегенмен, жұмыс әлі күнге дейін өз деңгейінде дұрыс ұйымдастырылмады. Жеке балабақшалардың тасымал көліктерінде орын алып жатқан заңбұзушылықтар полиция органдары тарапынан бақылаудың жоқтығын көрсетеді. Қызылорда қаласы мен барлық ауданда ашылған Жедел басқару орталықтарының, әсіресе патрульдік полицияның жұмысын күшейту қажет. Балалардың қауіпсіздігіне қатысты жағдайды қатаң бақылауда ұстаныңдар! Өңіріміздегі барлық білім беру ұйымдарындағы тасымал мәселесін шұғыл түрде жан-жақты тексеріп, талаптарға сай келмейтіндерді анықтап, тиісті шаралар қабылданыңдар. Жол қауіпсіздігін, оның ішінде білім беру ұйымдары аумағындағы қауіпсіздікті қатаң бақылауға алып, тұрақты түрде рейд ұйымдастырыңыздар, — деді облыс әкімі.

Жиналыста облыстық полиция департаментінің бастығы Серік Ерғешов баяндама жасады.

ПМ бекіткен бұйрыққа сәйкес, балалар тасымалымен айналасатын көліктер екі есікті, ұстау құрылғысы және «Балалар тасымалы» деген жазуы бар, сары түсті жарқылдауық маякпен жабдықталған болуы тиіс. Осы бұйрықтың орындалуын тексеру барысында 29 заңды тұлғаға қатысты ҚР ӨҚБТК-нің 474-бабымен әкімшілік хаттама рәсімделіп, 75 көлік айып алаңына қойылса, 58 көліктің мемлекеттік белгісі тәркіленген.

Жыл басынан тасымалдау ережесін бұзған жүргізушілерге қатысты 800-ге жуық әкімшілік құқықбұзушылық анықталып, тиісті шаралар қабылданды. Рейд жыл аяғына дейін жалғайды. Бұл шара — балалардың амандығы мен жол-көлік оқиғаларының алдын алуға бағытталған.

Балалар тасымалы — аса жауапты міндет. Сондықтан да әрбір мектеп пен балабақша көлігі қатаң бақылауда болады. Талапқа сай келмеген жағдайда тиісті шаралар қолданылады.

А.БАТЫРБАЙҚЫЗЫ

БАСПАНА БАҚЫТЫ БҰЙЫРҒАН КҮН

Бүгінде Сыр өңірі қарқынды құрылыс алаңына айналды. Соңғы жылдары мемлекет тарапынан жасалып жатқан қолдаудың арқасында аймақтағы тұрғын үй құрылысының өсу қарқыны рекордтық көрсеткішке жетті. Нәтижесінде аймағымыз халықтың әлеуметтік осал топтарына тұрғын үй сатып алу көрсеткіші бойынша республикада алдыңғы орынға шықты.

Осы аптада сол жағалаудан бой көтерген 280 пәтерлік 7 тұрғын үй әлеуметтік осал топтағы азаматтарға берілді. Қоныс тойын тойлаған тұрғындарды облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев құттықтады.



— Биыл ұлтымыздың тарихи «Қазақ» атауының қайтарылғанына, Қызылорданың Қазақ елінің астанасы болғанына 100 жыл, бұл мереке кең көлемде аталып өтуде. Мемлекет басшысының қолдауымен мерейлі жыл аясында аймағымызда сәулеті келіскен, әсем де заманауи ғимараттар бой көтеріп, саябақтар мен аллеялар қайта жаңғыртылып, жолдарымыз кеңейіп келеді. Бүгін жерлестеріміздің баспаналы болу

қуанышына ортақтасып, пәтер кілтін табыстау рәсіміне жиналды. Аймағымызда халқымыздың тұрмыстық жағдайын жақсартуға бағытталған маңызды ірі инфрақұрылымдық жобалар іске асырылуда. Соңғы үш жылда қаржыландырудың барлық көзінен 2 млн 500 мың шаршы метр тұрғын үй пайдалануға берілді. Кезекте тұрған халықтың әлеуметтік осал топтарына, жалғыз баспанасы апатты деп танылған азаматтарға

5 мыңнан астам пәтер сатып алынып, 25 мыңға жуық тұрғын қоныс тойын тойлады. Аудан орталықтарында жаңадан салынған 1500-ге жуық пәтер табысталды. Аймақтың ажарын айшықтап, сәулетіне сән қосатын, өңіріміздің өсіп-өркендеуіне жаңаша серпін беретін құрылыс индустриясын дамытуда құрылысшыларымыздың үлесі орасан зор. Баспаналы болу әрбір отбасыны жақсылыққа жетелейді. Қоныстарыңыз құтты болсын! — деді аймақ басшысы.

Салтанатты рәсімде тұрғын үйлердің құрылысын сапалы жүргізген мердігер мекеме «Мелиоратор» ЖШС-нің құрылысшыларына облыс әкімінің алғыс хаты табысталды.

Баспанаға ие болған тұрғындардың қуанышы шексіз. Олар мемлекет тарапынан көрсетіліп жатқан көмекке ризашылығын жеткізіп, облыс басшылығына алғыс білдірді.

Биыл тұрғын үй құрылысы мен жеке салушылардан 3800 дайын пәтерді сатып алуға бюджеттен 58 млрд 785 млн теңге бөлінген. Қаржыландырудың барлық көзінен 870 мың шаршы метр тұрғын үй беріледі. Ерекше атап өту қажет, өткен жылдан бастап қаламызда заманауи жана дизайнмен 7, 9, 12 қабатты тұрғын үйлер бой көтеруде. Баянды бастамалар алдағы уақытта да ел әлеуетін көтеруге дәнекер бола бермек.

«Ақмешіт-ақпарат»

ЖАҢА СТАДИОН — СЫР СПОРТЫНА ТЫҢ СЕРПІН

Спортсүйер қауым үшін жағымды жаңалық. Облыс орталығынан 11 мың орынға лайықталып салынған жаңа стадион жакын арада пайдалануға берілімек. Аймақ басшысы Нұрлыбек Нәлібаев құрылыс алаңындағы жұмыс барысымен танысып, мердігерлерге сапа мен белгіленген мерзімде аяқтау жөнінде нақты тапсырмалар жүктеді.



Құрылыстың алғашқы кезеңінде шығыс-батыс трибуналардың іргетасы қаланған. Бүгінде стадион ішіндегі инфрақұрылымға дайындық жүреді. Жаңа спорт кешені UEFA III санатына сай жобаланып, халықаралық стандарттарға сәйкес жарыстар өткізуге мүмкіндік береді. Сондай-ақ ғимарат халықаралық «PHILIPS» компаниясының 1,2 млрд теңгеге алынған жарық жүйесімен жабдықталады. Бұл кешендегі жарықтандыру сапасын арттырып, түрлі деңгейдегі мәдени-спорттық шараларды жоғары деңгейде өткізуге жағдай туғызады. Жобалауға сәйкес, стадионның жалпы ауданы — 20 мың шаршы метр, ғимарат 2-3 қабатты етіп салынуда. Бірінші қабатында спорт түрлеріне арналған заманауи үлгідегі бірнеше спорттық залдар және футболшылардың жаттығатын арнайы бөлмесі және дене шынықтыру — сауықтыру залдары қамтылған. Ал екінші қабатында қосымша әкімшілік бөлмелер және үшінші қабатында ауқымды жиындар өткізуге арналған мәжіліс залдары бар. Сонымен бірге «Қайсар» футбол

клубының спорт жабдықтарын сататын дүкені мен дәмхана (фудкорт) ашылады. Барлық спорт залдары соңғы үлгідегі құрал-жабдықтармен қамтамасыз етілген.

Айта кетейік, жаңа стадионда мүмкіндігі шектеулі спортшылардың да жаттығуына жағдай жасалған. Яғни барша азаматтың жаппай дене шынықтырумен айналысуына қолайлы инфрақұрылым болмақ.

Жоспар бойынша 4 қазан күні жаңа стадионда Қазақстан кубогының финалдық кездесуі өтеді. Жаңа стадионның ашылуы аймақтың спорттық инфрақұрылымын нығайтып, өңір тұрғындары үшін жоғары деңгейдегі спорттық шаралар ұйымдастыруға таптырмас мүмкіндік. Сонымен қатар бұл кешен қаламыздағы дене шынықтыру-салауаттылық бағытындағы іс-шараларды одан әрі дамытуға септігін тигізбек.

София ХАЙРУЛЛА

АДАМ ҚҰҚЫҒЫН ҚОРҒАУ: ЖАҢА ЗАҢ КҮШІНЕ ЕНДІ

3 БЕТТЕ



ЖИ дәуіріндегі білім: Қазақстанның жаңа парадигмасы



Қазір әлемде жасанды интеллектке байланысты үлкен жарыс жүріп жатыр. Оған бірнеше мысал келтірейін. Қытай «Made in China 2025» стратегиясы арқылы ЖИ-ды

Бүгінгі таңда жасанды интеллект — мемлекеттің қуатын айқындайтын басты құралға айналды. Бұл — тек технология емес, жаңа геосаяси және экономикалық бәсекең орталығы. Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Жолдауында цифрландыруды бірінші орынға қоюы — кездейсоқ емес, бұл жаһандық үрдістің заңды жалғасы.

өндірістің тірегіне айналдырып отыр. Бүгінде Қытайдың ЖИ саласына жұмсаған инвестициясы жүздеген миллиард долларға жетті. Оңтүстік Корея «Digital New Deal» жобасы арқылы мемлекеттік қызметтердің 95%-ын онлайнға шығарды. Бұл халықтың уақыты мен ресурсын үнемдеп қана қоймай, экономиканың жаңа секторларын қалыптастырды. Еуропа Одағы «AI Act» заңын қабылдап, ЖИ қауіпсіздігін

заңнамалық деңгейде реттеуде. Бұл — жаңа технологияны енгізу барысында адам құқығы мен жеке өмірдің қорғалуына мән берудің үлгісі. Біріккен Араб Әмірліктері — әлемде алғаш болып «ЖИ істері жөніндегі министрлікті» құрды. Бұл министрлік тек технологияға жауапты емес, елдің ұзақ мерзімді даму стратегиясын үйлестіруші орталыққа айналды.

2 БЕТТЕ



МЕЙІРІМДІЛІК ПЕН ІЗГІЛІК ЖАРШЫСЫ

Адам өміріне араша түсетін дәрігерлік мамандықты таңдау үлкен жауапкершілікті жүктейтіні белгілі. Дәрігер болғысы келетін жандар көп екендігі айтпаса да түсінікті. Алайда жұрттың бәрі бірдей дәрігер бола алмайды. Тек адам анатомиясын терең зерттеуге қабілеті жоғары, қорықпайтын, наукастың тағдырына немқұрайлы қарамайтын, күйзеліске төзімді, жүйкесі мықты жандар ғана осы салада жұмыс істейді. Дәрігер деген кең ұғым, кәсіпті мамандық. Бағалай білген кісіге медицина қызметкерлері тұғыры таймас биік шың. Бұл мамандық иелерінің жауапкершілігі де, атқаратын жұмыстары да ауқымды. Бүгінгі біздің кейіпкеріміз осы мамандықта 40 жылдан аса қызмет атқарып, халқына адал еңбек етіп келеді. Ол өз ісінің нағыз шебері бола білген ақ халатты жан. Күнделікті үсті-үстіне ағылып келіп жатқан науқастарға ем-шаралар көрсетуден бөлек, орталықтың басшылық қызметін қатар алып жүргеніне қарамастан кейіпкеріміз әрқашан жайдары мінез танытып жүруден жалыққан емес. Өзінің сүйікті мамандығын абыроймен атқарды.

Өмірінің 45 жылын медицина саласына арнаған Гүлайым Шәріпқызы 1961 жылы 11 қазанда Қызылорда облысының Жалағаш ауданында дүниеге келген. 1978 жылы орта мектепті бітіргеннен кейін Қызылорда қаласындағы медициналық училищеге оқуға түседі. Медициналық училищені бітірген соң Жалағаш аудандық ауруханасында еңбек жолын бастайды. Дәрігер болуды жаны қалаған ол 1987 жылы Семей мемлекеттік медициналық институтының емдеу ісі факультетіне оқуға түседі. Медициналық институтты бітіргеннен кейін Қызылорда қаласындағы қалалық ауруханада интернатурадан өтеді.

Дәрігерлік еңбек жолын 1994 жылы №3 емханада қарапайым дәрігер болып бастап, сол емханада бөлім меңгерушісі қызметіне көтеріледі. 1998 жылы облыстық наркологиялық орталыққа бөлім меңгерушісі болып ауысып, сол жылы бас дәрігердің емдеу ісі жөніндегі орынбасары қызметіне тағайындалады. 2002 жылы 255 төсек орынға есептелген наркология орталығы облыстық аурухананың бұрынғы ғимаратына көшіреді. Жаңа ғимараттың материалдық-техникалық базасын жақсарту міндеті жүктелді. Одан кейін жанадан 15 төсек орындық балалар мен жасөспірімдер бөлімі және 30 төсек орындық реабилитациялау бөлімшесі ашылды. Сонымен қатар Баймұрат ауылынан 40 төсек орынға есептелген медициналық – әлеуметтік оңалту бөлімшесін ашу жұмыстарын Гүлайым Шәріпқызы абыроймен атқарды. Сол уақытта облыстық наркологиялық орталықтың бастамасымен қаладағы ірі өндіріс орындары мен мекемелерінде, оқу орындарында және мектептерде наркологиялық беткездердің жұмысы жанданды. 2003 жылы «Облыстағы үздік емдеу – профилактикалық мекемесі» және 2015 жылы «Қаланың ең үздік медициналық мекемесі» атағына ие болды. Білікті басшы, мықты дәрігер Гүлайым Шәріпқызы осы жылдар ішінде орталықтың жұмысының алға басуына, жетістіктерге жетуіне өлшеусіз үлес қосты. Ұзақ жылғы мінсіз еңбегі, ақжарқын ашық мінезі, іскерлігі, ұйымдастырушылық қабілеті оны шексіз құрметке бөледі. Мұхтар Әуезовтің «Қай істің болсын өнуіне үш түрлі шарт бар. Ең әуелі ниет керек, одан соң күш керек, одан соң тәртіп керек» деген даналық сөзі бар. Біздің білуімізше, осы үш асыл қасиеттің бәрі де Гүлайым Шәріпқызының өне бойынан табылып 26 жыл басшылық қызметте болды. Кісілігі мен кішілігі жарасқан кейіпкеріміз қандай лауазымда болса да, қай кезде де өзін қарапайым, жайдары ұстайтын қасиетімен ерекшеленді. Осылайша өз еңбегін ұтымды пайдалана білген кейіпкеріміздің ұзақ жылғы мінсіз еңбегі елеусіз қалмады. Ол «ҚР Денсаулық сақтау ісінің үздігі», «Денсаулық сақтау ісіне қосқан үлесі үшін» және ҚР Денсаулық сақтау министрлігінің «Еңбек ардагері» тос белгілерімен марапатталды.

Саналы ғұмырын медицина саласына арнаған кейіпкеріміз әлде саладан қол үзбей, орталықта адал қызмет етіп келеді. Бүгінгі таңда Гүлайым Шәріпқызы зейнетке шықса да, зейіні жұмыста. Нағыз еңбек адамының ұстанымы – күш-жігерін халық денсаулығын түзетуге арнау, өзі жақсы көретін жұмысмен бірге болу, білгенін жастарға үйрету, тәжірибесімен бөлісу. Сондықтанда еңбек адамы ұғымын дәрігер тұлғасымен астастыра қарастыру – әділ баға.

Гүлмира АҚТАЕВА,
Қызылорда облыстық психикалық денсаулық орталығының бастауыш кәсіподақ ұйымының төрайымы



ЖИ дәуіріндегі білім: Қазақстанның жаңа парадигмасы

Жасанды интеллект қазір тек өндірісті автоматтандыру немесе қолжетімді қызмет көрсету құралы ғана емес. Ол – ұлттық қауіпсіздік, экономикалық өсім, әлеуметтік тұрақтылық сияқты үлкен мәселелерді шешудің негізгі факторы.

Президент Тоқаевтың Жолдауда цифрландыру мен жасанды интеллектке басымдық беруінің тағы бір себебі – Қазақстанның қазіргі жағдайы. Бізде осы тақырыпты күн тәртібіне шығаратын нақты алғышарттар бар.

Біріншіден, экономикалық тәуелділік. Қазақстан экономикасы әлі күнге дейін мұнай, газ, уран секілді шикізатқа тәуелді. Бұл – тұрақты дамудың кепілі емес. Әлемдік нарықтағы баға құбылса, біз де соған ілесіп кетеміз. Сондықтан жаңа драйвер қажет. Ол – цифрландыру мен жасанды интеллект.

Екіншіден, жастардың әлеуеті. Бүгінгі жастардың 70%-дан астамы смартфон қолданады, әлеуметтік желіде белсенді. Бірақ олар технологияны негізінен тұтынушы ретінде ғана пайдаланады. Ал Президенттің мақсаты – жастарды технология жасаушыға, өндірушіге айналдыру. Бұл үшін арнайы бағдарламалар, халықаралық жобалар қолға алынууда.

Үшіншіден, мемлекеттік басқарудағы қиындықтар. Әлі де болса қағазбастылық бар, халық мемлекеттік қызмет алу кезінде уақыт жоғалтады. Мұндай жағдайда цифрлық шешімдер халықтың сенімін арттырудың жалғыз жолы болып отыр. Мысалы, Эстония барлық мемлекеттік қызметті онлайнға көшіріп, халықтың 99%-ын қанағаттандыра алды. Біз де осыған ұмтылуымыз керек.

Төртіншіден, өңірлік теңсіздік. Ауыл мен қала арасындағы айырмашылық айқын сезіледі. Цифрлық шешімдер осы алшақтықты азайтуға мүмкіндік береді. Мысалы, ауылдағы азамат дәрігерге бармай-ақ, онлайн-консультация ала алады немесе оқушы интернет арқылы үздік ұстаздан білім ала алады.

Осының бәрін ескерсек, Президенттің «Цифрландыру – ұлттық мүдде» деп атауының астарында терең мән жатыр. Бұл тек IT саласының шаруасы емес, бұл – Қазақстанның болашағын айқындайтын стратегиялық бағыт. Әлемге қарасақ, цифрлық дамуды дұрыс жолға қойған елдер мүлдем жаңа деңгейге көтерілді. Мәселен, Бангалор (Үндістан) – бір кездері инфрақұрылымы нашар, артта қалған қала болатын. Үкіметтің IT индустрияға жасаған қолдауының арқасында қазір «Азияның Кремний алқабы» атанып отыр. Мұнда жүздеген мың жас маман әлемдік IT-гиганттарға жұмыс істейді. Израиль – табиғи ресурсы аз, шөлді мемлекет. Бірақ ғылым

мен технологияға инвестиция құю арқылы «стартап ұлтына» айналды. Қазір бұл елде жан басына шаққанда ең көп стартап тіркелген. Эстония – шағын ел, бірақ барлық мемлекеттік қызметін онлайнға көшірді. Бүгінде олар «цифрлық мемлекет» үлгісі ретінде БҰҰ мінберінен айтылып жүр. Бұл мысалдардан шығатын қорытынды: ресурсқа емес, білім мен технологияға арқа сүйеген елдер ғана алға шықты.

Қызылорда – тарихы бай, табиғи ресурсы мол өңір. Бізде Байқоныр бар – бұл тек Қазақстан ғана емес, бүкіл әлемге белгілі ғарыш орталығы. Демек, бізде ғарыш тәжірибесі, ғылыми-инженерлік кадрлар, халықаралық байланыстар бар деген сөз. Ендігі міндет – осы әлеуетті цифрлық ғылыммен ұштастыру. Егер біз Қызылорданы «ақылды аймаққа» айналдырсақ, ол тек өңірдің емес, бүкіл елдің дамуына серпін береді.

Мемлекет басшысы Жолдауда жастарға ерекше сенім артты. Өйткені болашақ – олардың қолында. Егер біз жаңа технологиялық серпілісті жүзеге асырғымыз келсе, жастардың әлеуетін толық ашуымыз қажет. Әлемдік тәжірибеге қарасақ, Сингапур кезінде өз студенттерін әлемнің ең үздік университеттеріне жіберіп, оларға арнайы гранттар бөлді. Қайтып келген жастар елді білім мен технология орталығына айналдырды. Корея Республикасында мемлекет IT мамандарды даярлауға ерекше көңіл бөлді. Қазір Оңтүстік Корея әлемдегі ең инновациялық елдердің қатарында.

Қазақстан да осы жолға түсіп отыр. Біздің жастарымыз бүгінде SeoulTech-пен бірлескен бағдарламаларға қатысып, ағылшын тілінде білім алуға, Халықаралық ғылыми жобаларға тартыла бастады. Стартаптар мен инновациялық жобаларға белсенді қатысуда. Мұның бәрі Президент Жолдауындағы «жаңа бұрын мамандарын даярлау» талабына толық сәйкес келеді.

Жастарға сенім артсақ, олар Қазақстанды тек тұтынушы емес, жаңа технологияны жасаушы елге айналдырады. Бұл – біздің басты артықшылығымыз.

Президент Жолдауда ғылым мен инновацияны дамытуды мемлекеттің ұзақ мерзімді тұрақтылығының негізгі факторы ретінде атады. Себебі ғылымсыз біз шикізатқа тәуелділіктен арыла алмаймыз. Қазақстан үшін де ғылымға инвестиция салу – стратегиялық міндет. Ғылымды дамыту арқылы біз жаңа салаларды қалыптастырамыз (ЖИ, деректерді басқару, цифрлық егіздер), халықаралық ынтымақтастықты күшейтеміз, жастардың әлеуетін ел игілігіне жұмылдырамыз. Яғни, ғылым – тек зертханадағы жұмыс емес, ол – Қазақстанның болашағының кепілі.

Басы 1-бетте

ЖЫЛУ БЕРУ МАУСЫМЫ: Қауіпсіздік шаралары күшейтілуде

Қыс мезгілі жақындаған уақытта қоғам алдындағы өзекті мәселеден бірі – жылу беру маусымына дайындық. Қаһарлы қыстың аязына төтеп беру де оңайға соқпасы анық.

Осы орайда қалалық төтенше жағдайлар басқармасының мамандары жылу маусымы кезінде тұрғындардың өмірі мен денсаулығын, сондай-ақ олардың жеке мүлкі мен қоршаған ортаны өрттен қорғау бағытында кешенді іс-шаралар атқарып келеді. Дегенмен, қауіпсіздік шараларын сақтамай, өрт оқиғасынан зардап шеккендер де бар.

– 2024-2025 жылдардағы жылу беру кезеңінде тұрғындардың немқұрайлығынан белен алған көріністер жиі кездесті. Мәселен, қала көлеміндегі тұрғын үй секторларында 22 өрт оқиғасы тіркелген. Тілсіз жаудың салдарынан 3 млн 850 мың теңге көлемінде материалдық шығын келтірілген. Одан бөлек, 7 адам жаракат алып, 4 азамат қайтыс болған, – деді қалалық төтенше жағдайлар басқармасы бастығының орынбасары Асхат Тоғызбаев.

Өр көрсеткіштің артында отбасының қайғысы, адамның өмірі мен денсаулығы тұр.

Дегенмен, бұл тұрғындардың салғырттығынан туындаған жайт.

Мамандардың айтуынша, тұрмыстық пештердің техникалық жағдайына дер кезінде көңіл бөлмеу, мұржақаларды тазаламау, газ жабдықтарын дұрыс қоспау, балаларды қараусыз қалдыру сияқты немқұрайлықтың салдары орны толмас қайғыға әкеледі. Сонымен қатар көмірқышқыл газы – иіссіз әрі көзге көрінбейтін қатер. Ол үйге білінбей тарайды да, адамның тынысын тарылтып, ұлануға әкеліп соғады. Сондықтан да қауіпсіздік шараларын алдын ала ойластырудың маңызы зор.



Қауіптің алдын алу мақсатында биыл да нақты іс-шаралар қолға алынды. Атап айтсақ, 15 тамыз – 15 қыркүйек аралығы «Өрт қауіпсіздігі айлығы» болып жарияланды.

Осы орайда төтенше жағдайлар басқармасы мамандары полиция басқармасы қызметкерлерімен, қоғамдық бірлестіктердің волонтерлерімен бірлесіп, қала тұрғындарының арасында үгіт-насихат жұмыстарын күшейтті.

– Тұрмысы төмен, көпбалалы, жалғызбасты ана және мүмкіндігі шектеулі азаматтарды қамтитын 5245 отбасының үйі араланды. Басқарма қызметкерлері әр үйде пештің жағдайын қарап, қауіпсіздік нұсқаулығын түсіндірді. Жергілікті бюджет қаражаты есебінен сатып алынған 64 дана табиғи газды анықтайтын құрылғы дәл осы әлеуметтік осал топтағы тұрғындардың үйлеріне орнатылды. Бұл құрылғылар апатты жағдайды ерте анықтап, талай жанның өмірін сақтап қалуы мүмкін, – дейді Асхат Тоғызбаев.

Қауіпсіздіктің басты кепілі – тұрғындардың өз жауапкершілігі. Осыны есте сақтаған жөн. Құзырлы органдар барлық шараны жасайды, алайда әрбір азамат пешін уақытылы тазаламаса, газ жабдығын дұрыс қоспаса, қауіптің алдын алу мүмкін емес.

– Қауіпсіздік мәдениетін қалыптастыруда бұқаралық ақпарат құралдарының орны ерекше. «Өрт қауіпсіздігі айлығы» кезінде БАҚ-та барлығы 25 материал жарияланды. Оның ішінде 10 мақала газет беттерінде жарық көрсө, 5 материал телеарналардан көрсетілді. Ал көшелердегі дауыс зорайтқыштар арқылы тұрғындарға 82 рет хабарлама жеткізілді. Сонымен қатар тұрғындардың күнделікті пайдаланатын әлеуметтік желілерінде бейнероликтер таратылып, қауіпсіздік ережелері кенінен насихатталуда. Басты мақсат – өрт қауіпсіздігінен сақтау, – дейді Асхат Талантұлы.

Қауіпсіздік шаралары қарапайым ережелерден тұрады. Мамандар қала тұрғындарына мынадай кеңес береді: пеш пен мұржаны жылына кемінде екі рет тазалау қажет. Газ жабдықтарын пайдалану кезінде қадағалауды тоқтатпау керек, электр сымдарын шамадан тыс жүктемеуге тырысу қажет, балаларды пешке жақиндатуға, қараусыз қалдырмау қажет, үйде газ анықтайтын құрылғы орнатқан абзал деседі.

Жылыту маусымындағы қауіпсіздік – бір ғана басқарманың емес, барлығымыздың ортақ ісіміз. Қарапайым ережелерді сақтай отырып, өз өмірімізді де, жақындарымыздың өмірін де қорғай аламыз.

Айдана БАХТИЯР

Нұрлан ҚҰЛМЫРЗАЕВ,
Қорқыт ата атындағы Қызылорда университеті Жасанды интеллект институтының директоры

Мемлекетімізде адамның өмірі мен құқықтары, оның бостандығы ең басты құндылық. Оны қорғау – мемлекеттік саясатымыздың басым бағыты. Бүгінде бұл тақырып күн тәртібінен түспейтін болды. Өйткені біреудің өміріне қол сұғып, жеке адамның құқығы тапталып жатқан жайттар көбеюде.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Жасанды интеллект дәуіріндегі Қазақстан: өзекті мәселелер мен оны түбегейлі цифрлық өзгерістер арқылы шешу» атты Жолдауында: «Заң және тәртіп» – мемлекетіміздің мызғымас тұғыры. Қоғамда осы қағиданы түбегейлі орнықтыру үшін барлық қузырлы органдар арасында ортақ көзқарас пен ортақ ұстаным болуға тиіс. Бұл – ең алдымен, ешқандай құқық бұзушылыққа жол бермеу қағидасы, яғни кез келген заңсыздыққа қарсы тұру деген ұстаным. Сондықтан мемлекеттік органдардың осы бағыттағы жұмысын барынша қолдау қажет. Сонда ғана елімізде құқық бұзушылыққа, озбырлық пен зорлық-зомбылыққа қарсы сана-сезім қалыптасады, қоғамға жат кез келген әрекетке төзбеушілік пайда болады» деген болатын.

Ішкі істер министрлігінің мәлімдеуінше, жақында қабылданған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне қылмыстық заңнаманы оңтайландыру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заңы – азаматтардың қауіпсіздігін арттыруға бағытталған маңызды құқықтық қадам. Аталған заңдағы өзгерістер 16 қыркүйектен бастап күшіне енді.

АДАМ ҚҰҚЫҒЫН ҚОРҒАУ: ЖАҢА ЗАҢ КҮШІНЕ ЕНДІ

Мәжбүрлі неке – енді қылмыс

Елімізде соңғы 3 жылда 200-ден астам қызалып қашу мен мәжбүрлеп некелесу дерегі тіркелген. Бірақ оның 10-ы ғана сотқа жеткен. Қалған жағдайлар кешірім сұрау арқылы немесе қазақтың дәстүрі дегенді алға тартқан. Ал бұл дәстүр емес, енді қылмыс.

ҚР Ішкі істер министрлігінің ақпаратына сүйенсек, басты жаңашылдықтың бірі – Қылмыстық кодекстің 125-бабындағы ескертпін алынып тасталуы. Мәселен, осыған дейін ұрланған адамды ерікті түрде жіберген адам қылмыстық жауапкершіліктен босатылуы мүмкін еді. Өзгеріске сәйкес, бұл мүмкіндік алынып тасталды. Енді жабірленушіні өз еркімен босатса да, кінәлі адам заңға сәйкес жауапкершілікке тартылады.

Қылмыстық кодекске жаңа 125-1-бабы «Некеге мәжбүрлеу» енгізілді. Енді бұл әрекет қылмыстық құқық бұзушылық ретінде танылады.

Некеге мәжбүрлегені үшін айыппұл, түзеу немесе қоғамдық жұмыстар, бас бостандығын шектеу немесе бас бостандығынан айыру түріндегі жаза қарастырылған. Қылмыстың мән-жайына байланысты 2000 айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұлдан бастап екі жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға дейін жаза қарастырылады. Егер мұндай әрекет абайсызға ауыр зардаптарға әкелсе, бес жылдан он жылға дейін бас бостандығынан айыру жазасы көзделеді. Ал егер мәжбүрлеу зорлық-зомбылықпен, көмелетке толмағандарға қатысты, тәуелділігін пайдалану арқылы, адамдар тобымен немесе қызмет бабын пайдалана отырып жасалса, бұдан да қатаң жаза қарастырылған.

Сонымен біреудің әлсізге өсірген қызын алып қашып, оны зорлықпен көндіріп, бүкіл өмірін қор ету енді жүзеге аспайды. Барлығы заңға сәйкес жауапқа тартылады. Жәбір көрген жандар заңдық тұрғыда тиісті органдарға жүгініп, өзін қорғауға мүмкіндік бар. Заңға өзгеріс енгізудің негізгі мақсаты да осы – әйелдер мен осал топтағы азаматтарды қорғау.

Алаяқтың айналасы іске аспайды

Соңғы уақытта алаяққа алданғандар көп. Мемлекет тарапынан тексеріс жүргізілгенімен, алаяқты жасаудың түрлі жолдары шығуда. Бүгінде интернет-алаяқтық пен көлеңкелі экономикада «дроппер» деген сөз жиі кездеседі. Оның негізгі қызметін түсінбейтіндер көп. Алайда бұл да алаяқ жасаудың бір түрі екен.

Дроппер – алаяқтық жолмен алынған ақшаны өз шотына қабылдап, оны қолма-қол ақшаға айналдыратын немесе басқа есеп-шоттарға аудару-мен айналысатын адам. Басқаша айтқанда, дроппер – ақшаны жылыстату тізбегіндегі делдал. Көбіне дропперлер фишинг, аккаунтты бұзу, банк картасының деректерін ұрлау немесе басқа да алаяқтық әдістер арқылы алынған ақшамен жұмыс істейді. Олардың міндеті – ақшаның шыққан көзін жасыру үшін оны басқа шоттарға

АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ – ЕЛ БАЙЛЫҒЫ! САНАҚҚА ҚАТЫС, ҮЛЕС ҚОС!



Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 29 желтоқсандағы №1248 қаулысымен бекітілген «Ұлттық ауыл шаруашылығы санағын өткізу жөніндегі іс-шаралар жоспарын» басшылыққа ала отырып, облыста ауыл шаруашылығы санағына байланысты жұмыстар кезең-кезеңімен атқарылууда.

Санақтың негізгі кезеңі 1 тамыз бен 20 қазан аралығында өтетіні жайлы бұған дейін де хабарланған. Санақ онлайн және офлайн кезеңдерінен тұрады.

Санақтың онлайн кезеңі биылғы жылдың 1-31 тамыз аралығында sapaq.gov.kz сайтында онлайн-сауалнама салу арқылы өтті. Биыл 28 тамызда ҚР Премьер-Министрінің орынбасары – Ұлттық экономика министрі С.Жұманғариннің төрағалығымен өткен Ұлттық ауыл шаруашылығы санағына дайындалу мен оны жүргізу мәселелері жөніндегі арнайы комиссия отырысында, санақтың онлайн-кезеңі 2025 жылдың 20 қыркүйегіне дейін ұзарту жөнінде шешім қабылданды.

Қызылорда облысы бойынша статистика департаментінің тіркеліміне сәйкес, санаққа 11 мыңға жуық кәсіпорындар мен шаруа, фермер қожалықтары және жеке кәсіпкерлер қамтылуы тиіс.

Осы тұста, Сыр халқының онлайн режимінде санақтан өту белсенділігі байқалып, тамыз айындағы онлайн-санаққа 95,6% ауылшаруашылық құрылымдары қатысып, жақсы нәтижеге қол жеткізді.

Айта кету керек, жалпы тізімге ұзақ уақыт бойы белсенділігі жоқ, бірақ тіркеуде

тұрған кәсіпорындар мен қожалықтар да енгізілген. Сонымен қатар байланыс деректері өзекті емес субъектілер де бар. Бұдан бөлек, кейбір жұмыс бастылығына байланысты санақтан дер кезінде өте алмаған респонденттер үшін қосымша берілген 20 күн олардың маңызды мемлекеттік науқаннан тыс қалмауына мүмкіндік берді.

Ауыл шаруашылығы саласымен айналысатын барлық заңды тұлғалар, шаруа-фермер қожалықтары мен үй шаруашылықтары sapaq.gov.kz сайтына электронды цифрлық қолтаңба арқылы кіріп (ЭЦҚ), санақ парақтарында көрсетілген сауалдарға шынайы жауап берулері тиіс. Бұл әдіс өте ыңғайлы, сонымен қатар деректерді жинаудың тиімділігі мен сапасын арттыруға мүмкіндік береді.

Респонденттер үшін санақтан онлайн түрде өтуі үшін қолайлы жағдайлар жасау мақсатында облыста 2 кент, 142 ауылдық округ және 2 қала (Арал, Қазалы) әкімі аппаратында, 7 аудандық статистика бөлімдерінің ғимараттарында интернет байланысымен қамтамасыз етілген «Өзіне-өзі қызмет көрсету» аймақтары ұйымдастырылған.

Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік статистика туралы» заңының 21 бабының 5 тармағында Ұлттық санақтар жүргізу кезінде респонденттер алғашқы статистикалық деректерді міндетті түрде өтеусіз негізде ұсынадыны көрсетілген.

Ал, офлайн түрінде интервьюерлермен (сұхбатшымен) үй шаруашылықтарын 20 қыркүйектен 20 қазан аралығында аралап, мәліметтерді арнайы планшетке түсіру әдісімен жүргізілетін болады.

Қазіргі таңда, офлайн кезеңге дайындық жұмыстары жүргізілуде. Алдын ала есептеулерге сәйкес, облыс бойынша 80 мыңнан аса үй шаруашылықтары араланып, сауалнама жүргізілетін болады. Осы сәтті пайдалана отырып, азаматтарды санаққа саналы түрде қатысуға шақырамын.

Ұлттық ауыл шаруашылығы санағы – Қазақстанның аграрлық секторын және азық-түлік қауіпсіздігін тұрақты дамытуға арналған стратегиялық маңызы бар шара болып табылады. Алынған деректер тиімді мемлекеттік саясат пен барлық деңгейдегі ауыл шаруашылығы өндірушілерін

қолдауға негіз болады. Барлық қатысушы тарапты өздерінің азаматтық ұстанымын танытып, санаққа белсенді түрде қатысуға шақырамыз.

Ауыл шаруашылығы санағына қатысты барлық сұрақ бойынша 1446 байланыс орталығына сағат 9.00-ден 21.00-ге дейін қоңырау шалуға немесе санақ сайтында орналасқан Sapaq.muzta чат-ботына жазуға болады.

Сонымен бірге, біз үй шаруашылықтарын аралап, санақ жүргізу үшін облыста жұмыссыз жүрген азаматтар мен студенттер қатарынан, сондай-ақ барлық ниет білдірген азамат санатынан 185-ден астам азаматты интервьюер ретінде жұмысқа тартуды жоспарлап отырмыз.

Интервьюер ретінде санаққа қатысқысы келетін азаматтар біздің 1446 байланыс орталығына немесе @statgov.kz_bot Telegram-ботына өтініш қалдыра алады.

Санақ барысында жинақталған мәліметтер Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік статистика туралы» Заңының 21-бабына сәйкес, Ұлттық санақтар барысында алынған мәліметтер бастапқы статистикалық деректерге жатады және міндетті түрде өтеусіз негізде ұсынылады делінген.

Сонымен бірге аталған заңның 8 бабы 1 тармағында «Алғашқы статистикалық деректер құпия болып табылады және осы баптың 4-тармағында көрсетілген мәліметтерді қоспағанда, оны мемлекеттік статистика органдары тек қана статистикалық аппараты түзу мақсатында пайдаланады. Мемлекеттік статистика органдары алғашқы статистикалық деректерді жинау, өңдеу және сақтау кезінде осы деректердің құпиялылығын қамтамасыз етеді.» делінген.

Осыған орай, респонденттер тарапынан берілген ақпараттар Заңмен қорғалады және мемлекеттік кіріс органдарына және т.б. органдарға берілмейтінін атап өткім келеді.

Қайрат ӘБСҰЛТАНОВ,

Қазақстан Республикасының Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросының Қызылорда облысы бойынша департаментінің басшысы

ҚАЗАҚ САТИРАСЫНЫҢ САҢЛАҒЫ

Әбділла Тәжібаев атындағы облыстық әмбебап ғылыми кітапханасында қазақ әдебиетінің қабырғалы қаламгері, әзіл мен сатира жанрының хас саңлағы, ақын Асқар Тоқмағамбетовтің туғанына 120 жыл толу құрметіне «Туған елдің жүрегіндегі» атты дөңгелек үстел өтті.



Айта кетейік, Асқар Тоқмағамбетов қазіргі Сырдария ауданында 1905 жылы дүниеге келген. Зілді әзілмен қоғамдағы ұнамсыз әрекеттерді сын тезіне салып, сатиралық өлеңдер жазып, республикаға танылған. Қазақ әдебиетінің классигі А. Тоқмағамбетов туған жерде еңбек ете жүріп, қазақ әдебиетінің алыптарымен қанаттаса жүру бақытына ие болған. Алғашқы білімді ауыл молдасынан алған ақын 1924-1925 жылдары Ташкенттегі политехникумда оқиды. Қызылорда Астана атанған 1925 жылдың көктемінде Асқар Тоқмағамбетов Теренөзектен келіп, «Еңбекші қазақ» газетіндегі Бейімбет Майлин, Лияс Жансүгіров, Сәбит Мұқанов, Сәкен Сейфуллинмен араласып, қайраткер, ағаларынан тәлім алып, қаламын ұштаған.

Ол 1932 жылы Мәскеу полиграфия институтын бітіріп, «Ленин жолы», (1933-1934), «Қазақ әдебиеті» (1934-1935), «Социалистік Қазақстан» (1937-1944) газеттері мен «Ара» журналында қызмет істеді. Кейінгі жылдары Қазақстан Жазушылар одағының Шымкент, Қызылорда облыстары бойынша жауапты хатшысы қызметін атқарған жылдары ақын өмірінің айшықты тұстары еді.

Шараға Асқар Тоқмағамбетовтің қызы ардагер-ұстаз Аяғоз Асқарқызы, ардагер-журналист Қайырбек Мырзахметұлы, ҚР Суретшілер одағының мүшесі, көлөнер шебері Махамбет Жәнібек, еңбек ардагері Сәпен Аңсаев, облыстық «Ұрпақтан

ұрпаққа қоғамдық бірлестігінің» төрағасы, қоғам қайраткері Сайлаубай Әбішев, Қазақстан Жазушылар одағы Қызылорда облыстық филиалының өкілі, ақын Қаршыға Есімсейтова, «Ұстаз мәртебесі» газетінің және «Әлімсақ» журналының бас редакторы Нұрлан Көбегенұлы, ақын, Асқар Тоқмағамбетов атындағы мәдениет үйінің әдіскері Ғабит Қадірбай қатысып, тау тұлғаның шығармашылығы мен өмір жолына тоқталып, қырғи тілді қаламгердің кейінгі ұрпаққа қалдырған құнды дүниелерінің қазіргі заманда да құнын жоймайтынын жеткізді.

Г. АСҚАРҚЫЗЫ

Қызылорда облысындағы барлық деңгейдегі сайлау науқандарына орай «Сыр медиа» ЖШС-на қарасты облыстық «Сыр бойы», «Қызылординские вести», қалалық «Ақмешіт апталығы» газеттерінде және «Kyzylorda-news.kz» ақпарат агенттігіне кандидаттар үшін сайлауалды үгіт материалдарын орналастыру бойынша 2025 жылға өз қызмет құнын ұсынады

Облыстық «Сыр бойы» газеті 1929 жылдың 1 шілдесінен шығады. Газет форматы А2, Д2. Бірінші және соңғы беттер түрлі-түсті. Шығарылымы аптасына үш рет: сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері.

Таралымы – 22196 дана.

Облыстық «Қызылординские вести» газеті 1930 жылдың 1 қаңтарынан шығады. Газет форматы А2, Д2. Бірінші және соңғы беттер түрлі-түсті. Шығарылымы аптасына үш рет: сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері.

Таралымы – 5959 дана.

Газеттің бір шаршы сантиметрінің құны ҚҚС қоса есептегенде:

бірінші түрлі-түсті бетте орналастыру – 500 теңге;
ішкі беттерде орналастыру – 250 теңге;
ең соңғы түрлі-түсті бетте – 300 теңге.

Облыстық «Сыр бойы», «Қызылординские вести» газеттерінің syrbойы@yandex.kz, kzorda-vesti@yandex.kz сайттарына үгіт материалдарын орналастыру бойынша баға ұсынысы (ҚҚС қоса есептегенде):

1. Пробелді қоса алғанда 3000 белгіге дейінгі мақала + 3 фотоға дейін – 28000 теңге, әр қосымша белгіге 15 теңге қосылады, әр қосымша фото – 200 теңге.

2. Баннер 200 x 1180 px – 30000 теңге (1 апта);

400 x 800 px – 25000 теңге (1 апта);

Instagram: Post (video, photo, reels) – 15000 теңге

Stories – 10000 теңге

TikTok: Video – 15000 теңге

Stories – 10000 теңге

Facebook: Post (video, photo) – 10000 теңге.

Қалалық «Ақмешіт апталығы» газеті 1994 жылдың 15 сәуірінен шығады. Газет форматы А2. Бірінші және соңғы беттер түрлі-түсті. Шығарылымы аптасына екі рет: сейсенбі, сенбі күндері.

Газеттің таралымы – 4019 дана.

Газеттің бір шаршы сантиметрінің құны ҚҚС қоса есептегенде: 95 теңге.

Қалалық «Ақмешіт апталығы» газетінің aqmeshit-apталығы@yandex.kz сайтына үгіт материалдарын

орналастыру бойынша баға ұсынысы (ҚҚС қоса есептегенде):

1. Пробелді қоса алғанда 3000 белгіге дейінгі мақала + 3 фотоға дейін – 16800 теңге, әр қосымша белгіге 15 теңге қосылады, әр қосымша фото – 200 теңге.

2. Баннер 200 x 1180 px – 10000 теңге(1 апта);

400 x 800 px – 8000 теңге(1 апта);

Instagram: Post (video, photo, reels) – 10000 теңге

Stories – 8000 теңге

TikTok: Video – 10000 теңге

Stories – 8000 теңге

Facebook: Post (video, photo) – 10000 теңге

Қызылорда облысындағы барлық деңгейдегі сайлау науқандарына орай «Сыр медиа» ЖШС-на қарасты «Kyzylorda-news.kz» ақпарат агенттігіне кандидаттар үшін сайлауалды үгіт материалдарын орналастыру бойынша 2025 жылға өз қызмет құнын ұсынады

«Kyzylorda-news.kz» ақпарат агенттігіне үгіт материалдарын орналастыру бойынша баға ұсынысы (ҚҚС қоса есептегенде):

■ «ПАЙДА ОЙЛАМА, АР ОЙЛА...»

АБАЙ
ҚҰНАНБАЕВ – 180ОТЫЗ
ТОҒЫЗЫНШЫ
СӨЗ

Рас, бұрынғы біздің ата-бабаларымыздың бұл замандағылардан білімі, күтімі, сыпайылығы, тазалығы төмен болған, бірақ бұл замандағылардан артық екі мінезі бар екен. Ендігі жұрт ата-бабаларымыздың мінді ісін бір-біріле тастап келеміз, әлгі екі ғана тәуір ісін біржола жоғалтып алдық. Осы күнгілер өзге мінезге осы өрмелеп ілгері бара жатқанына қарай, сол аталарымыздың екі ғана тәуір мінезін жоғалтпай тұрсақ, біз де ел қатарына кірер едік, мінез жоқ болған соң, әлгі үйренген өнеріміздің бәрі де адамшылыққа ұқсамайды, шайтандыққа тартып барады. Жұрттықтан кетіп бара жатқанымыздың бір үлкен себебі сол көрінеді.

Ол екі мінезі қайсы десен – әуелі – ол заманда ел басы, топ басы деген кісілер болады екен. Көшқонды болса, дау-жанжалды болса, билік соларда болады екен. Өзге қара жұрт жақсы-жаман өздерінің шаруасымен жүре береді екен. Ол ел басы мен топ басылары қалай қылса, қалай бітірсе, халықта оны сынамақ, бірден бірге жүргізбек болмайды екен. «Қой асығын қолыңа ал, қолайыңа жақса, сақа қой», «Бас-басыңа би болса, манар тауға сыймассың, басалқаның бар болса, жанған отқа күймессің» деп мақал айтып, тілеу қылып, екі тізгін, бір шылбырды бердік саған, берген соң, қайтып бұзылмақ түгіл, жетпегенді жетілтеміз деп, жамандығын жасырып, жақсылығын асырамын деп тырысады екен. Оны зор тұтып, әулие тұтып, онан соң жақсылары да көп азбайды екен. Бәрі өз бауыры, бәрі өз малы болған соң, шыныменен жетесінде жоқ болмаса, солардың қамын жемей қайтпайды?

Екіншісі – намысқор келеді екен. Ат аталып, аруақ шақырылған жерде ағайынға өкпе, араздыққа қарамайды екен, жанын салысады екен. «Өзіне ар тұтқан жатқан зар тұтады» деп, «Аз араздықты қуған көп пайдасын кетіреді» деп, «Ағайынның азары болса да, безері болмайды» деп, «Алтау ала болса, ауыздағы кетеді, төртеу түгел болса, төбедегі келеді» десіп, «Жол қуған қазынаға жолығар, дау қуған пәлеге жолығар» деген.

Кәнікі, енді осы екі мінез қайда бар? Бұлар да арлылық, намыстылық, табандылықтан келеді. Бұлардан айрылдық.

Ендігілердің достығы – пейіл емес, алдау, дұшпандығы – кейіс емес, не күнестік, не тыныш отыра алмағандық.

«RoboOrda»: балаларға ғылым жолын ашатын бастама

Балалардың дамуы мен білімі үшін робототехника ерекше маңызды. Бұл заман талабына сай технологиялар әлемінде балалардың логикалық ойлауын, шығармашылық қабілетін және топта жұмыс істеу шеберлігін жетілдіреді.

Қаламызда ашылған «RoboOrda» робототехника үйірмесі дәл осындай білім мен дағды беруге ұмтылып келеді. Робототехника үйірмесіне 5 жастан бастап 14 жасқа дейінгі балалар қабылданады. Бұл жас аралығы – баланың логикалық ойлауы мен моторикасының дамып, технологияға қызығушылығы арта бастаған шақ.

– Үйірмеге жазылу үшін ешқандай емтихан немесе алдын ала білімі талап етілмейді, тек техника мен шығармашылыққа деген қызығушылық жеткілікті. Қатысушылар жас ерекшелігі мен дайындық деңгейіне қарай топтарға бөлініп, әр топқа арнайы оқу бағдарламалары әзірленген. Бастауыш сынып оқушылары үшін жаңадан бастағандарға арналған ерекше сабақтар қарастырылған. Үйірмені құрудағы басты мақсат – балалар мен жасөспірімдерді заманауи технологиялар әлемімен таныстырып, шығармашылық ойлау мен инженерлік қабілеттерін дамыту. Үйірменің басты ұраны – робототехниканы бала тұлғасын дамытудың маңызды құралы ретінде пайдалану, – дейді үйірме жетекшісі Тұрар Ерікұлы.

Шындығында, робототехника қазір болашақ мамандықтардың негізі ғана емес, балалардың логикалық ойлауын, командалық дағдысын, мәселелерді шешу қабілетін жетілдіретін маңызды құралға айналған. Үйірме сабақтары барысында балалар тек робот құрастырып қана қоймай, оларды бағдарламалау, сенсорлармен жұмыс істеуді және нақты өмірдегі әртүрлі тапсырмаларды техника көмегімен шешуді үйренеді. Үйірме жетекшісінің айтуынша, бұл балаларды технологиялық жаңалықтарға ерте араластырып, олардың өз идеяларын жүзеге асыруына толық мүмкіндік береді.

– «RoboOrda» үйірмесінде сабақтар аптасына екі рет өткізіліп, әрқайсысы 1,5 сағатқа созылады. Сабақтарда теория мен практиканың үйлесімі басты назарда. Алдымен жаңа тақырып түсіндіріліп, кейін сол білімді қолданып робот құрастыру және бағдарламалау жұмыстары арқылы балалар жас тәжірибелік жұмыс жасайды. Әр сабақта оқушылар алдымен тақырыппен танысып, кейін сол білімді робот



құрастыру мен бағдарламалауда қолданады. Бағдарламасына негізінен бірнеше тақырыптар кіреді. Робототехниканың негіздері, конструкторлармен жұмыс (LEGO Education және т.б.), бағдарламалау негіздері, роботтың қозғалысын басқару, жарық, дыбыс, қашықтық сияқты датчиктермен жұмыс, жарыстарға дайындығы және командалағы жұмыс дағдылары. Бұл тақырыптар бір-бірімен сабақ барысында ұштастырылып, оқушыларға роботтарды жобалау мен басқаруды жан-жақты меңгеруге мүмкіндік береді, – дейді Тұрар Ерікұлы.

Үйымдастырушылар заманауи және балаларға ыңғайлы құрал-жабдықтарды пайдаланады. Құралдар әр оқушының жасына және деңгейіне сәйкес таңдалады. Ең көп пайдаланатын платформа – LEGO Education (WeDo 2.0, EV3, Spike Prime) конструкторлары. Бұл – бастауыш және орта жастағы балаларға арналған тиімді робототехника платформаларының бірі: LEGO жинақтары арқылы оқушылар робот құрастырып, оны арнайы визуалды бағдарламалау тілі арқылы бақылай алады.

– Әр құрал-сайман мен технология оқушыларға тапсырмаларды шешуде қолдау көрсетіп, олардың бағдарламалау және инженерлік ойлау дағдыларын дамытады, – дейді үйірме жетекшісі.

«RoboOrda» үйірмесіне қатысқан балалар қалалықтан республикаға дейінгі робототехника жарыстарына белсене қатысып, тамаша нәтижелер көрсетіп жүр. Бұл олардың тек теориялық біліммен шектелмей, нақты практикалық жобаларды сәтті жүзеге асырып жатқанын байқата керек. Жетістіктер қатарында 2024 жылы Халықаралық робототехника («Роботек» чемпионатында екі оқушы бірінші орын иеленсе, 2025 жылы «Robotek Grand Tournament 2025» халықаралық жарысында үйірме командасы екінші орынмен марапатталды.

– Бұл жетістіктер – балалардың өз бетінше ойлауға, шешім қабылдауға және креативті болуға деген ынтызарлығының нәтижесі, – дейді үйірме жетекшісі.

Үйірмеде балаларды ынталандырудың бірегей тәсілі ретінде «РобоКеш» деп аталатын ішкі виртуалды

валюта жүйесі енгізілген. Сабақ барысында оқушылар өз жетістіктері мен белсенділігі үшін РобоКеш жинайды. Мысалы, олар РобоКешті сабаққа уақыттылығы және жүйелі қатысканы, жобаны сәтті орындағаны, топта басқа оқушыларға көмектескені немесе жеке өзіндік жоба жасағаны үшін ала алады. Курс соңында жиналған РобоКешті оқушылар «Робо-дүкеннен» қажетті заттарға айырбастай алады. Бұл – ойыншықтар, кенсе тауарлары, техникалық гаджеттер немесе шағын сыйлықтар.

– РобоКеш жүйесі балалардың қызығушылығын арттырып қана қоймай, еңбегінің бағаланатынын сезіндіреді. Балаларға қаржы сауаттылығы, еңбек пен нәтиже арасындағы байланыс сияқты маңызды ұғымдарды түсінуге көмектеседі. Яғни, олар тек техниканы ғана емес, өмірлік маңызды дағдыларды да меңгеруде, – дейді жетекші.

«RoboOrda» үйірмесі оқушылардың теориялық білімін практикалық тәжірибе арқылы бекітуге ерекше мән береді. Сондықтан мектеп оқушылары қалалық, облыстық және республикалық деңгейдегі робототехника жарыстарына тұрақты қатысып келеді.

Байқауларға дайындалу – тек робот жасаумен шектелмейді. Бұл процесс оқушыларға топтық жұмыс, уақытты тиімді бөлу, шешім қабылдау, көпшілік алдында сөйлеу сияқты өмірлік дағдыларды да дамытуға мүмкіндік береді. Оқушыларды командада жұмыс істеуге, өз идеясын қорғауға үйретеді, – дейді жетекші.

Тұрар Ерікұлының пікірінше, робототехника бүгінгі балалар үшін тек хобби ғана емес, болашаққа бастар жол. Қазіргі технологиялық даму заманында робототехника баланы қарапайым тұтынушы емес, технология жасаушы адам ретінде қалыптастырады. Болашақ инженер, жаңашыл өнертапқыш ретінде қалыптасуына жол ашады.

– Робототехника балалардың жан-жақты дамуына ықпал етеді. Біріншіден, бұл пән логикалық ойлау, шығармашылық және техникалық сауаттылықты дамытады. Оқушылар қандай да бір мәселені шешу үшін ой құрып, жоспарлап, робот жасап іске асырады. Екіншіден, робототехника – пәнаралық бағыт математика, физика, информатика, инженерия, тіпті экологиямен тоғысады. Бұл оқуды қызықты әрі мазмұнды етіп, әр пәннің өмірдегі маңызын көрсетеді. Үшіншіден, робототехникада балалардың командамен жұмыс істеуді, уақытты басқаруды, табандылықты, кателіктен үйренуді меңгереді. Олар «темір» құрастырып қана қоймай, өз ойын еркін білдіруге, жауапкершілікті сезінуге де үйренеді. Сондықтан робототехниканы бала тұлғасын дамытудағы маңызды құрал ретінде бағалау керек. Робототехника жастарды жаңа идеялар іздеуге және тәуелсіз жобалар жасауға жетелейді. IT-маман, технопарк жүргізушісі немесе стартап иесі сияқты жоғары сұранысқа ие мамандықтар үшін өте маңызды, – дейді ол.

Жастар үшін робототехника заманауи ойлауды, инновациялық көзқарасты және шығармашылық қабілетті дамытуға мүмкіндік береді. Мұнымен айналысатын жасөспірімдер сандық сауаттылық пен инженерлік ойлауды жетік меңгереді. Иә, шынымен де, «RoboOrda» үйірмесі керемет бастама. Қазіргі уақытта балаларды ғылым мен техника әлеміне баулитын, олардың IT салаға қызығушылығын оятатын ерекше жобаға айналууда. Бұл бастама болашақта да жақсы нәтиже берері сөзсіз.

ШАХМАТ ӘЛЕМІНДЕГІ
ЖАРЫҚ ЖҰЛДЫЗ

– Ең алдымен өзіңді оқырмаңдарға таныстырып өтсем...

– Мен Қызылорда қаласы Ж.Нұрманов атындағы №198 мектептің 3 «Ә» сыныбында оқимын. Алғаш мектепке барған кезімде сынып жетекшім Марзия Дәулетбайқызы бізге тапсырма берді. Тапсырманы тиянақты алғашқы болып сызып орындадым. Ұстазым бұл әрекетімді байқап, «Шахмат ойнағың келе ме?» деп сұрады. Сол кезде мен шахматты

Балалар әлемінде әркімнің арман-мақсаты әртүрлі. Бірі спортшы, бірі дәрігер болғысы келеді. Ал біздің бүгінгі кейіпкеріміз – шахмат арқылы ойы ұшқыр, ойлауы жүйрік болып келе жатқан Зейін Сәулебек. Ол – небәрі үшінші сыныпта оқыса да халықаралық жарыстарда ел намысын қорғап үлгерген спортшы. Зейіннен шахмат әлеміндегі алғашқы қадамдары, жетістіктері мен армандары жайлы сұрап білдік.

III орындарға ие болдым. Ең үлкен жетістігімнің бірі – маусым айында Қырғызстанның Ташкент қаласындағы «Иссык-Куль Орен 2025» халықаралық турнирінде Қазақстан атынан өнер көрсетіп, жүлделі III орын алуым.

– Шахмат ойыны несімен қызық?

– Мен үшін шахмат – бөлек әлем. Ойын басталғанда ойым жүйеленіп, жаным тынышалады. Бұл ойын маған өзімді сенімді сезінуге көмектеседі. Сондықтан мен шахмат ойнағанды ұнатамын. Болашақта бұдан да үлкен жетістіктерге жеткім келеді. Ең басты арманым – әлемдік чемпионаттарда Қазақстанның намысын абыроймен қорғау.

– Шахмат ойынында математика мен логикалық ойлау қажет пе?

– Мен үшін шахмат пен математика, логикалық ойлау арасында тікелей байланыс бар. Шахматтың әр жүрісі – алда шешілуі тиіс есеп тәрізді, сондықтан әр жүрісті мұқият есептеп, дұрыс шешім қабылдауға тырысу қажет. Сондықтан шахмат ойнаған сайын менің математикалық шеберлігім де,

білмесем де, ойынға деген қызығушылығым оялды. Ұстазым аңаным ақылдасып, 2023 жылдың қыркүйегінен бастап шахмат клубына қатыса бастадым.

– Шахматқа ден қойған екі жыл ішінде қандай жетістіктерге қол жеткіздің?

– Шахматқа қатысқаным бийл екі жыл толады. Осы уақыт ішінде мен 4, 3 және 2 разрядты спорт шеберлігі біліктіліктерін қорғадым. Қала ішіндегі жарыстарда бірнеше рет II және



логикалық ойлау қабілетім де дамыды деп ойлаймын. Сонымен қатар әлемге әйгілі шахматшылар туралы оқып, олардың партияларын зерттедім. Әр ойынды мұқият саралап, әр шахматшының ойын мәнерін зерделей отырып, пайдалы идеяларды есте сақтадым. Осы зерттеулер мен талдаулар өзімнің ойынымды жақсартуға көп көмектесті.

– Ең қызықты немесе күтпеген нәтиженіз қандай болды?

– Ең қызықты әрі күтпеген жағдай – II разрядты қорғау кезінде өте жақсы нәтиже көрсетуім болды. Мен өзім де осындай табысқа жеткеніме таң қалдым. Миымның осындай күрделі шешімдер қабылдай алатынын байқап, ерекше қуаныштан танымай қалдым.

– Шахматтың күнделікті өмірде қандай пайдасы бар деп ойлайсыз?

– Меніңше, шахмат күнделікті өмірде ойлау қабілетін дамытып, есте сақтау шеберлігін жетілдіреді. Ойын барысында әр жүрісті мұқият жоспарлау керек болғандықтан, кез келген жағдайды байыппен ойлауға үйренеміз. Нәтижесінде ой өрісім

кенеіп, қиын тапсырмаларға да жүйелі түрде қарауға дағдыландым. Сондықтан шахматтың пайдасын өте зор деп есептеймін.

– Бұл жолда сізге демеу болып, жігер берген кім?

– Менің шабыт қайнарым – мені қолдап жүрген ата-анам. Үнемі жанымнан табылып, маған демеу көрсетеді. Сонымен қатар сынып жетекшім Марзия Дәулетбайқызы мен жаттықтырушы Әсілхан Нұрдаулет ағайымның еңбегі зор.

– Алдағы жарыстар мен жобаларға қатысты қандай жоспарларыңыз бар?

– Болашақта Қазақстанның барлық аймақтарында өтетін жарыстарда жүлдегер атанып, әлемдік аренада ел намысын қорғағым келеді. Ең үлкен мотивациямның бірі – Қырғызстанда өткен халықаралық жарыста алғаш рет ел намысын қорғап, жүлделі орынға ие болуым. Сол себепті ары қарай шетелдік турнирлерде бақ сынап, жаңа белестерді бағындыруға бар күш-жігерімді жұмсамын.

– Сұхбатыңызға рахмет!

Бетті дайындаған
София ХАЙРУЛЛА

Меншік иесі:

СЫР
МЕДИА

жауапкершілігі
шектеулі серіктестігі

Бас директор
Марат АРАЛБАЕВ

Қызылорда қалалық «Ақмешіт
апталығы» газетінің редакциясы

Бас редактор
Гүлмира ДІЛДӨБЕКОВА

Телефондар:

Бас редактор - 40-11-10, 70-11-36 (факс)
Бас редактор - 40-11-10 (ішкі нөмір - 1009)
Қабылдау бөлмесі - 40-11-10 (ішкі нөмір - 1023)
Бас редактордың орынбасары - 40-11-10 (ішкі нөмір - 1022)
Жауапты хатшы, бөлімдер - 40-11-10 (ішкі нөмір - 1013, 1018, 1021)

Газеттің негізін қалаған Әділхан БӨЙМЕН

Мекен-жайымыз: 120008, Қызылорда қаласы, Бейбарыс сұлтан көшесі, 4А. Т.Жүргенов атындағы шығармашылық үйі.

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігі Ақпарат комитетінде 2019 жылдың 16 сәуірінде қайта тіркелген. Тіркеу куәлігі №17657-Г.
«Ақмешіт апталығы» қалалық газеті КР СТ ISO 9001:2016 (ISO 9001:2015) «Сапа менеджменті жүйелері» талаптарына сәйкес КЗ. 4310318.07.03.01178 нөмірімен сертификатталған.
Аптасына 2 рет, сейсенбі, сенбі күндері шығады.
Жарияланған материалдардағы пікірлер редакция көзқарасымен сәйкес келе бермейтіндігі, деректер мен мәліметтердің нақтылығын автордың, хабарландыру иесінің жауапты екендігі ескертіледі. Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.



Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды. Тел: 8(7242) 40-06-68
Газеттің таралымы бойынша 70-14-08 телефонына хабарласуға болады.
Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі 4А.

Таралымы 4019 Тапсырыс №1594

Нөмірдің кезекші редакторы Айтқали АЙТЖАНОВА